

ЕТЕККІР ЦИКЛІНІҢ БҰЗЫЛЫСТАРЫ

Тексеруге алынған Алматы қаласының окушыларында кездесетін гинекологиялық аурулардың арасында етеккір қызметінің бұзылыстары басты орын алады және олардың жалпы жайлігі 22,0% құрайды.

Етеккір циклі – бұл өйел ағзасында жүретін күрделі биологиялық үрдіс, ол жыныстық жүйеде және жалпы ағзада занды түрде, белгілі бір ырғақпен қайталаңатын циклдік өзгерістермен сипатталады. Циклдік өзгерістер гипоталамустың күрылымдарында, гипофиздің гонадотроптық гормондарының секрециясында, аналық бездерде, жатырдың шырышты қабығында, қынапта, жатыр мойнында жүреді, сонымен бірге қан айналымда, зат алмасуда, температуралың реттелуінде ауытқулар мен жалпы ОЖЖ, вегетативтік, жүрек-кан тамырлар мен эндокриндік жүйелерде, сүт бездерінде өзгерістер байқалады.

Етеккір қызметі өмірге соби өкелуді қамтамасыз ететін, өйелдердің репродуктивтік деңсаулығының маңызды көрсеткіштерінің бірі болып табылады.

Етеккір циклінің соңында эндометридің функционалдық қабатының ажырауы нәтижесінде, әрдайым пайда болатын және жыныс жолдары арқылы шығатын қанды бөлімістерді сипаттау үшін «етеккір» терминің қолданады. Етеккір қызметінің қалыпты орындалуы үшін РЖ 5 бөлімінің (денгейлерінің) қызмет атқаруы міндетті шарт болып табылады. Аталған бөлімдердің әрқайсысы кері байланыс механизмі бойынша жоғары жатқан күрылымдармен реттеледі. РЖ бірінші деңгейі – ми қыртысы, соның ішінде экстрагипота-

ламустық церебралдық құрылымдар. Олар нейротрансмиттерлер (дофамин, норадреналин, серотонин) мен нейропептидтердің (эндорфин, энкефалин) көмегімен интерорецепторлардан және сыртқы ортадан импульстарды қабылдайды және тасымалдайды. Екінші деңгейі – гипоталамус, соның ішінде нейросекреторлық ядролар, олар адено-гипофиздің секреторлық белсенделілігін бақылайтын рилизинг-гормондарын (люлиберин, гонадолиберин-декапептид) бөледі. Люлиберин секрециясының цирхоральдік ырғағы бар (цирхорал «сағат айналымы» – лат.) – сағатына бір рет. Әрбір люлибериннің секреторлық импульсына 2-5 минут қалғанда қандағы ЛГ деңгейіндегі жоғарылауы байқалады. РЖ үшінші деңгейі – гипофиз, соның ішінде алдыңғы бөлігі. Ол ФСГ, ЛГ мен пролактинді бөлу арқылы, фолликулдардың дамуы мен жетілуін, овуляцияны және сары дененің пайда болуын реттейді, яғни аналық бездердің циклін қамтамасыз етеді. РЖ төртінші деңгейі – аналық бездер, оларда фолликулдар дамиды және стероидтық гормондар – эстрогендердер, прогестерон және аз мөлшерде андрогендердің синтезі жүреді, сондай-ақ аналық жыныс жасушаларының, яғни ооциттердің пісіп-жетілуі орындалады.

Бесінші деңгейі – ұлпалар мен нысана-мүшелер (жыныс мүшелері, сүт бездері, түк фолликулдары, май ұлпалары, сүйек, тері) – гормондардың әсер етуші нүктелері.

Гонадолиберин секрециясының цирхоральдік ырғағы және адено-гипофиз деңгейінде эстрадиол мен гонадотропиндер арасындағы кері байланыстың жүзеге асуы – бұл РЖ циклдік белсенделілігін қамтамасыз етудің қажетті шарттары болып табылады.

Бұгінде етеккір циклінің жүзеге асуында гонадолибериннің пульстік секрециясының іске қосуыш рөлі туралы концепция жалпыға мәлім. Қалыпты етеккір циклінің реттелуі бірқатар – эндокриндік, иммундық, ферменттік және т.б. жүйелердің өзара әрекеттесуі арқылы орындалады.

Етеккір циклінің физиологиялық сипаттамасы: 11-13 жаста алғашқы етеккірдің келуі, циклдің бірден немесе бір жыл ішінде қалыптасуы, етеккір келудің ұзактығы 5 ± 2 күн, циклдің ұзактығы (кан ағу арасындағы интервал) 28 ± 5 күн. Етеккір циклінің патологиялық жағдайлары: **аменорея** – 6 ай бойы және одан көп уақыт етеккірдің келмеуі; **олигоменорея** – етеккір циклінің ұзактығы 35 күннен астам болғанда; **полименорея** – етеккір циклінің ұзактығы 21 күннен кем болғанда; **гипоменорея** – қанағу ұзактығы 3 күннен кем болғанда; **гиперменорея** – қанағу ұзактығы 7 күннен астам болғанда; **менометроррагия** – 10-14 күнге жалғасатын құйылыш қанағу. **Гипоменструалдық синдромшамалы**, қысқа мерзімді (гипоменорея) және сирек етеккірлермен (олигоменорея) сипатталады.

Дисфункциялы жатыр қанауы – бұл ұзактығы 7 күннен астам уақытқа созылатын ациклдік жатыр қанаулары, олар көбінесе 1,5 ай және одан көп уақытқа етеккір циклі тоқтаған кезде пайда болады. Жасөспірімдік (пубертаттық жас) кезеңде ДЖҚ ювснильдік қанау деп атайды.

Дисменорея (альгодисменорея) – жалпы әлсіздікпен катар ауырынумен келетін етеккірлерді атайды.

Етеккір циклінің бұзылыштарының этиологиялық факторларына келесілер жатады: құйзеліс жағдайлары, психикалық және жүйке аурулары, жайсыз материалдық-турмыстық жағдай, аштық, авитаминоз, жыныстық жетілу кезеңінде ақыл-ойға және физикалық дамуға шамадан тыс жүктарту, жүқпалы аурулар, соның ішінде нейроинфекциялар (тұмау, эпидемиялық паротит, тонзилогендік және қызылша жүқпалары), созылмалы жүқла (туберкулез, пиелонефрит), жыныс мүшелерінің қабыну аурулары, септикалық аурулар, ревматизм; соматикалық аурулар (жүрек-кан тамырлар, кан жасау жүйесі, бауыр); қалқанша және бүйрекусті бездерінің қызметтерінің бұзылыштары, жыныстық жетілу кезеңінде жасқа қатысты гипоталамус-гипофиздік жүйеде жүретін

өзгерістердің бұзылыстары, түкымқуалаушылық, климаттық (сыртқы ортаның қолайсыз жағдайлары, климат ауыстыру) жағдайлар жатады.

Қазіргі кезде етеккір қызметінің бұзылыстарының негізгі патогенетикалық механизмінде динцефальдік өзгерістердің клиникалық белгілер бар гипоталамус-гипофиздік реттелу жүйесіндегі біріншілік ауытқулар жатыр (36, 37, 38, 39). Бастапқыда әр түрлі күйзсліс жағдайларының әсерінен гипоталамус-гипофиздік бөлім қозады, оның салдарынан сәйкес клиникалық және биохимиялық бұзылыстар пайда болады. Осы өзгерістердің нәтижесінде ми қызметінің ыргағы бұзылады, бүйрекүсті бездерінің функционалдық белсенделігі жогарылайды және гонадотропиндердің секрециясы күрт өседі.

Аналық бездердің гормоналдық белсенделігінің жоғарылауы басым түрде эстрогендердің гиперсекрециясымен және овуляция үрдісінің бұзылыстарымен айқындалады. Гиперэстрогенія салдарынан гормонға тәуелді мүшелерде: жатырда, аналық және сүт бездерінде пролиферативтік үрдістер күшінеді. Қалқанша және бүйрекүсті бездерінде гормондардың секрециясы артады. Бұл кезде туындастын ағзаның жалпы реакциясы қозу жағдайында түрған гипоталамустың қызметін тежеуге бағытталған. Бастапқыда бұл функционалдық өзгеріс ғана болып, өздігінен кері дамуы мүмкін. Гипоталамус қызметін тежейтін факторлардың қоры жеткілікті болған жағдайда, әйел ағзасы сау күйінде қалады. Егер гипоталамус қызметі қалпына келмесе, онда оласа қозған күйде қалып, біраз уақыт өткеннен кейін гормонға тәуелді мүшелерде морфологиялық патологиялық өзгерістері бар, айқын клиникалық бұзылыстар пайда болады.

Патогенетикалық принцип бойынша етеккір қызметінің барлық бұзылыстары орталық (қыртысты-гипоталамустық, гипоталамус-гипофиздік, гипофиздік) және перифериялық (аналық бездердегі, жатырлық, тиреоидтік, бүйрекүсті бездердегі) генездегі деп белінеді. Бұзылыстарды мұндай

денгейлерге бөлу шартты болып табылады, өйткені етеккір циклін реттейтін жүйе біртұтас болғандықтан, РЖ қандай да бір бөлімдеріндегі бұзылыстар міндетті түрде басқа бөлімдеріне де әсер етеді. Сонымен қатар патологияның дамуындағы жетекші бөлімді анықтау емдеу тактикасын таңдауда маңызды рөл атқарады.

АМЕНОРЕЯ

Гипоменструалдық синдром және аменорея – бұл бір патологиялық үрдістің әр түрлі сатылары. Аменорея гипоталамус-гипофиздік-аналық бездер-жатыр жүйесіндегі бұзылыстардың айқындылығының ақырғы дөрежесі болып табылады.

Аменорея физиологиялық (қыз баланың жыныстық жетілуіне дейін) және патологиялық (РЖ әр түрлі бұзылыстарының белгісі болып табылады) болуы мүмкін. Генеративтік қызмет пенетеккір бұзылыстарының күрылымында оның жиілігі 15% дейін жетеді. Біздің зерттеулерімізде, жас-өспірімдік және жастық шақ кезеңдеріндегі қыздардың етеккір қызметіндегі бұзылыстардың күрылымында гипоменструалдық синдром мен аменореяның жиілігі 4% құрады (9). Аменорея дербес ауру емес. Ол РЖ әртүрлі денгейлерінің ғана смес, сонымен бірге басқа да эндокриндік бездердің, қатерлі және қатерсіз ісіктердің патологияларының белгісі болып табылады. Біріншілік аменорея – 15-16 жаста және одан жоғары жаста етеккірдің келмеуі болса, екіншілік аменорея – тұрақты немесе тұрақсыз етеккірлерден кейін 6 ай бойы және одан көп уақыт етеккірдің келмеуі.

Біріншілік аменореяның клиникалық классификациясы.

1. Жыныстық дамудың тежелуі кезінде болатын біріншілік аменорея

А. Гонадалар дамуының кемістіктері: гонадалардың дисгенезиясы (дамудың бұзылуы), тестикулярлы феминизация синдромы

Б. Гипоталамус-гипофиздік жүйе қызметінің бұзылуы: функционалдық бұзылыштар, ЖДТ конституционалдық формасы, органикалық бұзылулар.

2. Жыныстық дамудың тежелуінсіз кездесетін біріншілік аменорея

– Қынап пен жатырдың даму кемістіктері

1. Жыныстық дамудың тежелуі кезінде болатын біріншілік аменорея

A. Гонадалар дамуының кемістіктері

Екіншілік жыныстық белгілердің болмауы немесе олардың айқын толық жетілмей қалуы, препубертат кезеңінен бастап эстрогендердің айқын тапшылығын көрсетеді. Бұл жағдай көбінесе хромосомдық немесе генетикалық патологиямен детерминацияланған. Гонадотропиндер секрециясының күрт тәмендеуі мен екіншілік гипогонадизмге әкелетін ГГС функциясының бұзылуы және аналық бездердің патологиясына байланысты гормоналдық қызметінің жойылуы эстрогендердің бастапқы тапшылығының себептері болуы мүмкін.

Гонадалардың дисгенезиясы – аналық бездердамуының туа біткен кемістігі және жыныстық дамудың тежелуі кезінде болатын біріншілік аменореяның ең жиі себебі. Патология жыныстық хромосомалардың әр түрлі aberrациялары нәтижесінде дамиды. X-хромосомада аналық бездердің дамуынғана емес, сонымен бірге дененің ұзындыққа өсуін анықтайтын гендер бар. Гонадалар дисгенезиясының әр түрлі клиникалық формалары бар.

Гонадалар дисгенезиясының кәдімгі формасы (Шерешевский-Тернер синдромы).

Науқастардың кариотипі 45,X0 және сыртқы келбетінің ерекшеліктері бар: бойы аласа (150 см аспайды), мойны қысқа, мойнында шаш өсу сыйзығы төмен орналасады және қанат төрізді қатпарлары бар, микрогнатия және тандайы жоғары, құлақ қалқандары төмен орналасқан, шынтақ және тізе буындарының вальгустық деформациялары бар, тістей аномалиялары болуы мүмкін, көзі қыли, қалқан тәрізді кеуде, бүйрек және жүрек-қан тамырлар жүйесінің даму кемістіктері кездеседі. Жыныстық түктенуі шамалы, сүт бездері мен жатыр айқын гипопластикалы (нашар дамыған), аналық бездері жіңішке дәнекер ұлпасының тәжісі түрінде ғана болады, тым аз примордиалдық фолликулдары бар, ооциттері жоқ.

Гонадалар дисгенезиясының жасырын формасы. Науқастардың кариотипі мозаикалық сипатта – 45,X0/46,XX, сондықтан патологияның клиникалық белгілері алуан-түрлілігімен ерекшеленіп, қалыпты және аберранттық жасушалар клондарының қатынасына тәуелді болады. 45,X0 кариотипі бар жасушалар клонының үлесі жоғары болған сайын, науқастар сыртқы келбеті мен аурудың клиникалық белгілерібояныша Шерешевский-Тернер синдромына шалдықкан науқастарға үқсай береді. Сөйкесінше, 46,XX кариотипі бар жасушалардың клоны басым болғанда клиникалық белгілері қалыпты морфотиппен және екіншілік жыныстық белгілердің кенет дамуымен сипатталуы мүмкін. Бірақ генитальдік инфантилизм, біріншілік amenорея, гонадотропиндердің жоғары деңгейі, УДЗ бойынша дисгенезиялы гонадалар сияқты белгілер патологияның турақты белгілері болып табылады.

Гонадалар дисгенезиясының таза формасы. Бұл науқастар үшін 46,XX немесе 46,XU (Свайер синдромы) кариотиптері тән. Олардың бойы қалыпты, шамалы дәрежеде гирсутизмі бар евнухоидты немесе интерсексуальді мор-

фотипті (Свайер синдромы болғанда), екіншілік жыныстық белгілері жетілмеген, айқын гениталдық инфантилизмі бар. Аналық бездері жіңішке дәнекер ұлпасының тәжісі түрінде ғана болады, Свайер синдромы кезінде – қатерлі ісікке айналуға бейім аталық бездерінің элементтері бар. Кариотипі 46,XX болғанда патологияның түқым қуалайтын генезін жоққа шығармайтын, аурудың отбасылық түрлері кездеседі.

Диагностика клиникалық белгілердің, УЗД және гормоналдық зерттеу мәліметтеріне (гонадотропиндердің жоғары деңгейі), кариотипті және жыныс хроматиніанықтауға негізделеді. Лапароскопия және гонадалардың биопсиясы бұл диагнозды растайды.

Гонадалар дисгенезияның аралас формасы. Науқастарда міндettі турде У-хромосома немесе оның бөлігі бар мозаикалық кариотип болады. Клиникасы жасушалар клонның қайсысы басым болатынына байланысты алуантүрлілігімен ерекшеленеді. Әдеттешамалы дөрежеде гирсутизмі бар интерсексуалды морфотип кездеседі, соматикалық дисплазиялар болуы мүмкін. У-хромосоманың болуына байланысты сыртқы жыныс мүшелері гипертрофияға үшыраған клитормен және ерлерге тән түктенумен ерекшеленеді. Екіншілік жыныстық белгілер толық жетілмеген, жатыр айқын гипопластикалы (нашар дамыған), етеккір келмейді. Лапароскопиямен бірге гонадалар биопсиясын жүргізгенде әрқашан тестикулярлық ұлпа элементтері мен дифференциацияланбаған жыныс жасушалары (гоноциттер) анықталады. Пубертат кезеңінде жіңістердегі жыныстық тәжінің строма элементтерінен және жыныс жасушаларынан (гонадобластома, эмбрионалдық карцинома) тұратын гонадалар ісігі дамиды. Бұл кезде клиникалық белгілерінде гормоналды белсенді ісіктің (андрогендерді бөледі) өсерінен вирилизация белгілері өршиді.

Диагностика келесі мәліметтерге негізделеді: екіншілік жыныстық белгілердің болмауы немесе толық жетілмеуіне,

гениталдік инфанилисмге, гонадалар дисгенезиясының эхоскопиялық белгілеріне, гонадотропиндер мөлшерінің жоғары болуына, әсіресе ФСГ жоғарылауына, эстрадиолдың төмен деңгейіне, буккальдік эпителий сүртіндісінде жыныс хроматинің болмауына, кариотип мәліметтеріне және лапароскопиямен бірге гонадалар биопсиясын жүргізу нәтижелеріне.

Гонадалар дисгенезиясы бар науқастарды емдеу. У-хромосомасы болған жағдайда, гонадалар малигнизациясының жоғары қауіпінің болуына байланысты, оларды операциялық жолмен алып тастау қажет. Кариотипте У-хромосомасы болмаған жағдайда алмастыруыш гормональдық терапия жүргізіледі, әдетте ол 3-6 циклде 21 күн бойы эстрогендерді қабылдаудан басталады. Кейіннен табиғи эстрогендер мен гестагендердің құрамдас препараторына немесе ағзада аналық бездер гормондарының физиологиялық ауытқуларын имитация жасайтын үш фазалы оральдік контрацептивтерге ауысады. Гормоналдық терапияны өмір бойы қабылдау ұсынылады, сондықтан әрбір жарты жыл сайын гепатопротекторлар мен дәрумендер және клиникалық тексерулер тағайындалып, 1-2 айға үзіліс жасау қажет.

Тестикулярлы феминизация синдромы. Тестикулярлы феминизация синдромы (ТФС) жыныс хромосомаларының ерлерге тән ХУ жиынтығында әйел фенотипімен сипатталауды. Бұл синдромда аналық бездердің емес, аталық бездердің дамуы бұзылады. Аталық бездер У-хромосомада құрылымдық бұзылыстардың болуына байланысты сперматогенез үрдісін және тестостеронның жеткілікті мөлшерінің синтезін қамтамасыз ете алмайды.

ТФС тестостеронды биологиялық белсенді дигидротестостеронға айналдыратын 5-а редуктаза ферментінің болмауына байланысты нысанана-ұлпалардың андрогендерге генетикалық бағдарламаланған сезімталдылығының жойылуымен сипатталады. Сонымен қатар тестостеронның эстрадиолға ароматтану қабілеті сақталады. Бұл үрдістердің нәти-

жесінде эмбрионалдық кезеңде сыртқы жыныс мүшелері нейтралды әйелдер фенотипі бойынша қалыптасады. Науқастарда толыққанды емес, тұйық бітетін, қысқаған қынап болады, жатыры кішкентай ғана білік төрізді бұлшық ет құрылымы ретінде дамыған немесе мұлде жоқ болуы мүмкін. Гонадалар жамбас қабырғасында немесе (көбінесе) шап каналдарында орналасқан және үлкен жыныстық ернеулерден жуан. ТФС толыққанды емес тестикулдарымен, қынаптың қалыпты дамуымен, жатырдың болмауымен және жыныс хромосомаларының ерлерге тән 46,XУ жынынтығымен сипатталатын жалған ерлер гермафродитизмінің сирек түрлеріне жатады. Осындай жыныстық дамудың бұзылысы бар біріншілік аменорея формасының жиілігі жаңадан туылған сәбілдер арасында 1:15000 құрайды.

Клиникалық белгілері. ТФС клиникасы жоғарыда көрсетілген сыртқы және ішкі жыныс мүшелерінің дамуының бұзылыстарымен, жыныстық және қолтықасты түктенудің болмауымен, бірақ сүт бездерінің дұрыс жетілуімен сипатталады.

Диагностика клиникалық белгілерге, кариотип нәтижелеріне (46,XУ), жыныстық хроматиннің күрт төмендеуіне (6% төмен) немесе болмауына, жатырдың болмауы мен гонадалардың орналасуын (шап каналдары, үлкен жыныстық ернеулер немесе жамбас қуысы) растайтын УДЗ және лапароскопияға негізделген. Гормоналдық зерттеулер бұл патологияда ақпарат бере алмайды.

Емдеу. Толыққанды емес тестикулдарды операциялық жолмен алыш тастау міндетті шара болып табылады, себебі үштен бір жағдайда олардың қатерлі ісікке айналу қауіпі бар. Гонадаларды алыш тастағаннан кейін табиғи эстрогендермен немесе урогенитальдық, сүйек, жүрек-қан тамырлар жүйесіндегі атрофиялық өзгерістердің алдын алу үшін ҚАК препараттарымен ұзақ гормоналдық терапия жүргізіледі. Кейде жасанды қынап қалыптастыру қажет.

1. Жыныстық дамудың тежелуі кезінде болатын біріншілік аменорея

Б. Гипоталамус-гипофиздік жүйе қызметінің бұзылуы

Аменореяның бұл формалары функционалдық және/немесе органикалық сипаттағы ГГЖ өзгерістерінің нәтижесінде пайда болады. Функционалдық бұзылыстар жеткілікті тамақтанбаудың, созылмалы жүқпалардың, интоксикациялардың, бауыр мен бүйрек ауруларының, анемияның және т.б. салдары болуы мүмкін. Оның нәтижесінде гипоталамустың нейросекреторлық ядроларында гонадолибериннің синтезі төмендейді, өз кезегінде ол гипофиздегі гонадотропиндердің секрециясын азайтады (гипоталамустық гипогонадроптық гипогонадизм), жыныстық дамудың тежелуіне әкеледі. Функционалдық бұзылыстардың шамамен 10% түкімкуалайтын (конституционалдық) жыныстық дамудың тежелуі фонындағы біріншілік аменореяға жатады (28). Бұл жағдайда пубертат кезеңі кешірек мерзімге жылжытылған сияқты болады. Жыныстық түктену мен сүт бездерінің дамуы 14 жастаң асқанда басталады, ал алғашқы етеккір 16 және одан жоғары жаста келеді. Мұндай жыныстық дамудың кешігүі конституционалдық сипатта жүреді. Оның себебі бұл патология климаттық және алиментарлық факторлармен байланысты, сонымен бірге ол түқым қуалайды және емдеуді қажет етпейді. Сирек жағдайларда ГГЖ функционалдық бұзылыстарының себебі, генетикалық деңгейде анықталған гипофиздегі гонадроптық гормондар синтезінің бұзылыстары болып табылады – оқшауланған гипофиздік гипогонадизм.

Клиникалық белгілері. Науқастардың дене бітімі евнухойдтық типте: бойы ұзын, тұлғасы қысқа, қолы мен аяғы ұзын, жамбасы тар, сүйек жасы хронологиялық жастан қалып

отырады. Екіншілік жыныстық белгілері (жыныстық түктенуі және сұт бездері) толық жетілмеген, жыныс мүшелері гипопластикалы (жетілмеген), біріншілік аменорея байқалады. Гипоталамустық генездегі патологияда әр түрлі психо-неврологиялық белгілер байқалады, бұл оқшауланған гипофиздік гипогонадизмді дифференциалдық диагностика жасауда өте маңызды болып табылады.

Диагностика клиникалық белгілерге және қосымша зерттеулердің нәтижелеріне негізделеді. Кіші жамбас мүшелерінің УДЗ жүргізу кезінде ұсақ примордиальдік және преандральдік фолликулдары бар аналық бездердің және жатыр өлшемдерінің кішіреюі анықталады. Гормоналдық зерттеу жүргізу кезінде науқастарда гонадотропиндер мен эстрadiолдың төмен мөлшерлері анықталады. Гипоталамустық генездегі патологияда краниография, ЭЭГ немесе компьютерлік томография нәтижелері мидың дизэнцефальдық құрылымдарында функционалдық бұзылыстар бар екенін көрсетеді. ГГАЖ зақымдалу дәрежесін анықтау үшін кломифен, гонадотропин және гонадолиберин аналогтарымен сынама жүргізіледі. Гонадотроптық препараттарды енгізгеннен кейін эстрadiол деңгейінің жоғарылауы аналық бездердің функционалдық белсенділігінің сақталғанын көрсетеді. Гонадолиберин агонисттерін енгізгеннен кейін (100 мкг доза трипторелинді тамырға) гонадотропиндер деңгейінің өсуі (3 еседен кем емес) гипофиздің резервтік мүмкіндіктерінің сақталғанын және бұзылыстың гипоталамустық деңгейде екенін көрсетеді. Егер сынама теріс нәтиже берсе, яғни гонадотропиндер деңгейінің жоғарылауы байқалмаса, бұзылыс гипофиздік деңгейде екені анық.

Емдеу. Гипоталамустық генездегі патологияда ОЖЖ нейро-медиаторлық алмасуын қалпына келтіру мақсатында дофамин мен серотонин және жанама түрдегі гонадотропиндер секрециясын реттеуге ықпал ету үшін 3-6 ай бойы (дифенин, перитол – 1 таб. күніне 2 рет; тегретол – 100 мг

төулігіне 2 рет) қабылдау қажет және дәрумендермен терапия жүргізу керек. Гонадотропиндермен және гонадолиберин аналогтарымен емдеу тек уақытша өсер береді. Сонымен бірге табиғи эстрогендер мен гестагендердің құрамдас пре-параттарымен алмастыруыш гормоналдық терапия жүргізу көрсетілген.

Гипоталамус-гипофиздік жүйенің органикалық бұзылыштары фонындағы біріншілік аменорея

ГГЖ органикалық бұзылударына гипоталамус-гипофиздік аймақтағы ісіктер жатады. Олардың ішінде ең жиі краниофарингиома кездеседі – гипофиз аяқшасының үлпасынан дамитын ісік. Бұл қатерсіз ісік, жиі кальцинозға ұшырайды, соның арқасында оның бассүйек рентгенограммасында диагностикасы жеңілдейді, орналасуы супраселлярлы.

Клиникалық белгілері. Науқастар біріншілік аменорея мен ЖДТ басқа неврологиялық белгілері мен қатты бас ауруларынан зардал шегеді, сондықтан олар гинекологтарға смес невропатологтарға жүгінеді.

Оперативтік емдеу. ГГЖ органикалық патологиясының сирек формаларына Каллман синдромы жатады, бұл жағдайда науқастар біріншілік аменореямен қатар аносмияға, яғни иісті қабылдау қабілетінің болмауына душар болады. Бұл патология гипоталамустың гипофизотроптық аймағының туа біткен бұзылышымен сипатталады. Ол аймақтың құрылымындарында гонадолиберин секрециясы жүзеге асады және бұл жағдайда гипофиздің гонадотроптық жеткіліксіздігі екіншілік түрде жүреді. Патология аутосомды-рецессивтік жолмен түкым куалайды.

Клиникалық белгілері сыртқы және ішкі жыныс мүшелерінің инфантилизмімен, екіншілік жыныстық белгілерінің

болмауымен және патологияның диагностикасын жөнделдегітін аносмиямен сипатталады.

Емдеу. Табиғи эстрогендердің препараттарымен алмастыруышы гормоналдық терапия.

Осылайша, біріншілік аменореямен қатар жүретін жоғарыда сипатталған патологиялық формалар клиникалық тұрғыда бір типті болып табылады және олар евнухойдтық дene бітімімен, сыртқы және ішкі жыныс мүшелерінің айқын толық жетілмеуімен, екіншілік жыныстық белгілердің болмауымен немесе айқын толық жетілмеуімен, жыныс мүшелерінің УДЗ өзіне тән ерешеліктерімен сипатталады. Гормоналдық зерттеу жүргізгенде гипоэстрогениямен қатар гонадотропиндердің де тәмен деңгейі анықталады. Сондықтан осы ЖДТ бар біріншілік аменореяның барлық формаларын гипогонадотропты деп атайды, оның себебі алдында сипатталған гипергонадотропизммен, яғни гонадотропиндердің жоғары деңгейі тән гонадалардың даму кемістіктерімен салыстырғанда, мұнда керісінше гонадотропиндердің мөлшері тәмен болады.

2. Жыныстық дамудың тежелуінсіз кездесетін біріншілік аменорея

Мұндай аменореяның негізгі себебі мүшелер мен нысана үлпалар деңгейіндегі патологиялар, яғни негізінен эмбриогенез үрдісінің ерте кезеңдерінде қалыптасатын жыныс мүшелерінің дамуындағы кемістіктер болып табылады.

Жыныс мүшелерінің дамуындағы кемістіктер:

- А) гинатрезия;
- Б) жатыр аплазиясы.

Гименаның немесе қынаң боліктегі атрезиясы (аплазия) құрсақтық даму кезеңінде мультифакториалдық себептерге байланысты урогенитальдік синустың төменгі

ілгінің каналдануының бұзылышы нәтижесінде пайда лады.

Клиникалық белгілері етеккірдің келмеуімен (жалған аменорея), құрсақтың төмсінгі жағындағы циклдік ауырсындармен сипатталады. Бұл ауырсынудардың себебі етеккір қан ағысының бұзылуы мен гематокольпостың (ертеккір қаны қынапта жиналады), немесе гематосальпинктің (етеккір қаны жатыр түтікшелерінде жиналады) немесе гематометраның (етеккір қаны жатырда жиналады) қалыптасуы.

Диагностика жоғарыда сипатталған клиника белгілері, гинекологиялық зерттеудің нәтижелері және кіші жамбастың эхографисы негізінде қойылады.

Емдеу хирургиялық жолмен етеккір және кейіннен генеративтік функцияны қалпына келтіру үшін жүргізіледі.

Жатыр аплазиясы (Майер-Рокитанский-Кюстнер синдромы)

Біріншілік аменорея кезінде жатырдың болмауы тек екі жағдайда кездеседі: Майер-Рокитанский-Кюстнерсиндромы (науқастардың кариотипі әйелдердікіне сәйкес келеді 46,XX) және ТФС (науқастардың кариотипі ерлердікі сияқты 46,XУ). Жатыр аплазиясы жиі қынап аплазиясымен қатар кездеседі. Бұл жағдайда аналық бездерде қалыпты фолликулогенез, овуляция және сары дененің пайда болуы сақталады.

Клиникалық белгілері: науқастар етеккірдің келмеуіне шағымданады. Олардың 40% зөр шығару жүйесінің кемістіктері кездеседі: бүйрек аплазиясы, таға төрізді бүйрек, несепағардың қосарлануы.

Диагностика клиникалық мәліметтерге, гинекологиялық зерттеудің нәтижелеріне, кіші жамбас мүшелерінің УДЗ, кариотипті анықтауға негізделген.

Емдеу жатыр аплазиясы мен қынап аплазиясы үйлескен кезде хирургиялық жолмен жүргізіледі. Пластикалық операциядан кейін жыныстық қатынасқа түсу мүмкіндігі пайда болады. Генеративтік қызмет қосалқы репродуктивтік техно-

логиялардың көмегімен, құрсақ ана бағдарламасын қолдану арқылы жүзеге асырылады.

ЕКІНШІЛІК АМЕНОРЕЯ

Екіншілік аменорея тұрақты немесе тұрақсыз етеккірлерден кейін пайда болады. Қыздарда екіншілік аменорея негізінен гипоталамус-гипофиздік жүйенің функционалдық бұзылыстары салдарынан дамиды.

ГГЖ функционалдық бұзылыстары психоэмоционалдық бұзылыстардың, дene салмағын жоғалтудың, гипоталамус-гипофизарлық жүйенің қызметін тежейтін дәрілік заттарды қолданудың салдарынан жиі дамиды.

Осыған орай аменореяның келесі түрлерін ажыратады: дene салмағын жоғалту фонындағы аменорея (косметикалық аменорея), психогендік аменорея (куйзеліс-аменореясы), ятрогендік аменорея (аналық бездердің гипертежелу синдромы).

Дене салмағын жоғалту фонындағы аменорея. Жасөспірімдер арасында кездесетін екіншілік аменорея құрылымында бұл патологияның жиілігі 25% дейінгі көрсеткішті құрайды. 14-18 жастағы эмоционалды тұрақсыз қыздар «мінсіз тұлғаға» жету үшін жиі калориясы аз косметикалық диета үстайды. Диетадан басқа нәтижені күшетту үшін көптеген қыздар дәрілік заттарды қолданады (диуретикалық, анорексигендік және т.б. препараттар), тазалау мақсатында клизмалар жасайды, жасанды құсады қоздырады және т.б. Денсаулыққа өсер етпейтіндей аздаған дene салмағын жоғалту мен аурудың басталуы арасындағы айырмашылықты бағалау мүмкін емес, себебі аштық жағдайында патологиялық өзгерістер өте баяу дамиды да, жақсы хал-жағдай үзақ уақыт сақталады. Сонымен қатар әр ағзаның арықтау үрдісіне жауабының өзіндік ерекшелігі болады және кішігірім ғана

салмақ жоғалтудың (3-10% ғана) өзі аурудың басталуына әкелуі мүмкін.

Екіншілік аменореяның патогенезі деге салмағын жоғалту кезінде гонадолиберин секрециясының азаюымен бірге ОЖЖ нейромедиаторлық алмасудың бұзылуы болып табылады. Май үлпасының көлемінің азаюы да айтарлықтай маңызы рөл атқарады. Пубертаттық және постпубертаттық кезеңдерде май үлпасының 10-15% жылдам жоғалту етеккірдің тоқтауына әкеледі. Бұл формадағы аменореяның патогенезінде адипоциттерде түзілетін ақуыздық гормон – лептиннің де рөлі айқын. Лептин деңгейі май үлпасының көлемімен тікелей корреляцияда болады. ИТӨФ-1 мен лептиннің синергистік әсерлерінің нәтижесінде фолликулдардың гранулездік жасушадарындағы эстрadiолдың секрециясы тежеледі. Аменорея аштыққа байланысты туындайтын жалпы аурудың белгісі болып табылады. Дәрігердің қабылдауда қыздар косметикалық диета мен аштық сақтайтыны туралы жиі жасырады. Сондықтан көбінесе дұрыс ем жүргізілмейді, әдетте ол етеккір циклін қалпына келтіруге бағытталған эстроген-гестагендік препараттарды тағайындауға негізделді, алайда ол гонадотроптықсекрецияның тежелуін әрі қарай күштейтеді.

Клиникалық белгілері. Дене салмағын 5-18% жоғалтқан кезде олигоменореясыз етеккірдің келуі күрт тоқтайты. Жалғасып жатқан дене салмағының азаюы кезінде аштықтың басқа да белгілері күштейеді – брадикардия, гипотония, гипогликемия, гипотермия, гастрит, іш қату. Ата-аналары дұрыс тамақтануға мәжбүрлелітін қыздардың отбасында шиеленіс туындайды, оның салдарынан қыздар ашуланшақ, жылауық, агрессивті немесе депрессивті жағдайларға душар болады. Бұдан әрі науқастарда тәбеті жоғалып, тамаққа деген жиіркеншектік пайда болып қажексия дамиды. Бұл симптоматика психикалық ауру – жүйке анорексиясына ұқсас келеді. Кейбір психиатрлар деге салмағының жоғалуы фонындағы аменорея

психоневрологтың бақылауында емделуді талап ететін шизофrenияның бастапқы сатысы деп есептейді.

Тексеру барысында тері астындағы май үлпасының азауы мен дene салмағының төмендеуі көзге түседі. Денс бітімі әйелдер типтес, екіншілік жыныстық белгілері қалыпты дамыған. Гинекологиялық зерттеу кезінде жатыр гипоплазиясы, вульва мен қынаптың шырышты қабықтарының құрғақтығы анықталады.

Дене салмағын жоғалту фонындағы аменореяның диагностикасы анамнез мәліметтеріне сүйенеді: косметикалық диетаны ұстағанын анықтау, ол тек белсененді сұрастыру кезінде ғана белгілі болады, етеккір келудің тоқтауы мен дene салмағын жоғалтудың хронологиялық уақыттарының сәйкес келуі. Гормоналдық зерттеу кезінде ЛГ, ФСГ мен эстрadiол мөлшерлерінің күрт төмендеуі байқалады. Гормоналдық сынаманы ретімен жүргізу кезінде репродуктивтік жүйенін әр дыңгейінің резервтік мүмкіндіктері анықталады. Гестагендермен жүргізілетін сынама аменорея ұзақтығына және эндометрийдің жағдайына байланысты оң және теріс те болуы мүмкін. Эстрогендер және гестагендермен жүргізілетін сынама әрқашан оң нәтиже береді. Кломифенмен жүргізілетін сынама оң болуы мүмкін, немесе ұзак уақыт аштық кезінде теріс болады. ГнРГ аналогтарымен жүргізілетін сынаманың оң нәтижесі гипофиз қызметінің сақталғанын көрсетеді, гонадотропиндермен жүргізілетін сынама фолликулдардың қалыпты өсуіне және жетілуіне ықпал етеді, яғни аналық бездерінің ынталандыруға лайықты жауап беретінін дәлелдейді.

Емдеу. Оның сәттілігі көбінесе емделушінің психоэмоционалдық күйімен анықталады. Науқасқа оның ауруының негізгі себебі – дene салмағының азауы екенін айтып жеткізу керек. Тамақтанудан үздіксіз бас тарту жастық шактағы шизофrenияның алғашқы белгісі екенін есте сақтаған абыз, сондықтан психиатрдың консультациясы қажет. Психотроп-

тық заттар, транквилизаторлар (сасықшөп, шүйіншөп тұнбасы және т.б.) тағайындалады. Френолонды тағайындау жақсы нәтиже береді. Ұсынылатын диета жоғары калориялы және жеңіл қорытылатын болуы керек. Поливитаминдер, циклдік дәрумен терапиясын тағайындау қажет. Етеккір циклін қалпына келтіру психотроптық дәрілік заттарды қабылдауды тоқтатып, дене салмағын қалпына келтіргеннен кейін ғана жүргізуге болады. Емдеу нәтижесінде 6-8 айдан кейін дене салмағы қалпына келіп, жалпы жағдайы дұрысталауды да, науқастардың 80% етеккір циклі қалпына келеді.

Терапиялық өсер болмаған жағдайда, мамандандырылған стационарда ары қарай тексерілу қажет. 3-6 ай бойы табиғи эстрогендер мен гестагендердің циклдік терапиясын (дивитрен, дивин, циклопрогинова стандарттық сызба бойынша) ұсынуға болады, ол гипоталамустың құрылымдарына ынталандыруышы өсер береді.

Уақытылы диагностика және терапия жүргізілгеннен кейін етеккір қызметінің қалпына келу болжамы оңтайлы.

Психогендік аменорея (күйзеліс-аменореясы). Аменореяның бүл формасы психоэмоционалдық бұзылыстардың салдары болып табылады.

Клиникалық белгілері айқын нейропсихикалық реакцияның (агрессия, депрессия, жылауықтық, ашуланшақтық және т.б.) фонында күйзеліс жағдайларынан өткеннен кейін олиго-менореясыз етеккірдің кенеттен тоқтауымен сипатталады. Вегетативтік-тамырлық симптомдар тән емес.

Патогенез. Психогендік өсер нәтижесінде эндорфиндердің, кортиcotропин рилизинг-гормонының синтезі жоғарылайды, бүйрекүсті бездерінің қыртыс қабаты белсенді күйге көшеді. Осы үрдістердің салдарынан ГнРГ синтезі тежеліп, жанама түрдеаналық бездердің жыныстық стероидтары мен гонадо-тропиндердің синтезі бұзылады.

Диагностика анамнез мәліметтері мен клиникалық белгілерге негізделген. Гонадотропиндер мен жыныстық стероидтардың қандағы мөлшері базалдық деңгейге дейін төмендейен. Кіші жамбас мүшелерінің эхографиясын жүргізгенде көптеген майда фолликулдар анықталады.

Емдеу. Гормондық терапия қажет емес. Күйзелісті емдең, жағдайды қалпына келтірген кезде гипоталамус-гипофиздік жүйенің қалыпты қызметі орнына келеді.

Ятрогендік аменорея (аналық бездердің гиперте желусиндромы). Науқастарда етеккірдің келмеуі гипофиздің гонадотроптың қызметін тежейтін дәрілік препараттарды қабылдауға байланысты. Аменореяның бұл формасы жи० эстроген-гестагендік, ҚАК, пролонгацияланған гестагендер, аГнРГ сияқты препараттарды ұзақ мерзім қабылдағаннан кейін пайда болады. Бұл патология жи० генетикалық тұрғыда анықталған гипоталамустық рилизинг-гормонының секрециясының жстіспеушілігі бар қыздарда дамиды. Етеккір циклі тұрақсыз немесе менархе кезеңінен олигоменореяға шалдыққан және алғашқы етеккірі кеш келген қыздарда кездеседі.

Клиникалық белгілері. Науқастар аталған препараттарды тоқтатудан кейін туындаған етеккірдің келмеуіне шағымданады. Сонымен бірге оларда басқа шағымдары болмайды, вегетативтік-тамырлық симптомдар жок. Гинекологиялық зерттеу жүргізген кезде жатырдың аздаған гипоплазиясы анықталуы мүмкін, гипоэстрогения жағдайлары байқалмайды.

Диагноз анамнез негізінде қойылады. Гормоналдық зерттеу кезінде – гонадотропиндердің мөлшері базалдық деңгейдің шамасында болады, кейде пролактин деңгейінің аздал жоғарылауы анықталады, сондықтан гипофиз құрылымы мен көлемін анықтау мақсатында бассүйектің КТ немесе МРТ жасау қажет. Кіші жамбас мүшелерінің эхографиясы жатыр

және аналық бездердің өлшемдері өзгермегенін, фолликуларлық аппараттың жақсы айқындалуын көрсетеді.

Емдеу. Әдетте 3 ай ішінде етеккір циклі ешбір емдеусіз қалпына келеді. Пролактин мөлшері жоғарлаған кезде тәулігіне 2,5 мг дейін парлодел тағайындалады. Егер amenорея ҚАК қабылдағаннан кейін пайда болса, цикл қалпына келгеннен кейін бір жыл бойы контрацепцияның гормоналдық емес тәсілдерін қолдану ұсынылады.

ЮВЕНИЛЬДІК ҚАНАУ

Ювенильдік қанау деп пубертаттық жастағы қыздардың ациклдік жатыр қанауларын айтамыз. ЮҚ репродуктивтік жүйенің жиі кездесетін бұзылыстарының бірі болып табылады. ЮҚ етеккір және генеративтік қызметтің ауыр бұзылыстарының, гормоналдық аурулардың және бісдеуліктің де себебі болуы мүмкін.

Жасөспірімдік жаста гинекологиялық аурулардың арасында ЮҚ жиілігі әр түрлі авторлардың мәліметтері бойынша 2,5-10% дейін ауытқиды (2, 40). Біздер жүргізген зерттеулерге сәйкес йод жетіспеушілігі аймағында оның жиілігі 3,8% құрайды (21).

Патогенез. Пубертат жаста гипоталамустың гипофизотроптық құрылымының жетілмеуінен туындастын гонадолибериннің бөлінуінің цирхоральдік ритмі болмауы гонадотропиннің циклдік пайда болуы және бөлінуінің бұзылуына әкеледі де, аналық бездердегі фолликулогенез үрдісін бұзады және ановуляцияға әкеледі.

Пубертат жасында гиперэстрогения, сәйкесінше эндометрийдің айқын гиперплазиясы басқа жастық кезеңдермен салыстырғанда сирек кездеседі, алайда бұл ЮҚ душар болған қыздарға қатысты онкологиялық сақтық шараларын тереңірек жүргізуге негіз болады. Аналық бездерде преовуляторлық өлшемге жеткен фолликулдардың персистенциясына қара-

ғанда, атрезия үрдістері жиі орындалады. Қанаулар физикалық және психикалық шамадан тыс жұмыс істейтін, дұрыс тамақтанбайтын, ЖРВИ, тонзиллитпен жиі ауыратын астениялық қыздарда кездеседі. Сондай-ақ ЮҚ бейімдейтін себептер – зәр шығару жүйесінің созылмалы аурулары, интоксикациялар, бүйрекүсті безінің қыртысты қабатының және қалқанша безінің қызметтерінің бұзылыстары болуы мүмкін. Осыаталған барлық факторлар гонадолиберин секрециясының цирхоральдік ырғағының қалыптасуын бұзады. Қан тұрып қалу, капиллярлардың кеңеюі, некроз аймақтарының дамуы және эндометрийдің етеккір кезінде біркелкі ажырамауы салдарынан жатыр қанауы пайда болады. Жатырдың гипоплазиясы кезіндеоның жиырылу белсенделілігінің төмендеуі ұзақ уақыт қанауға септігін тигізеді.

Клиникалық белгілері етеккірдің 1,5 ай және одан да көп уақытқа тежеліп, артынан қанауымен сипатталады. Аурудың клиникасы анемизация ауырлығымен анықталады. Айтартылғанда қан кеткен науқастарда тері мен шырышты қабықтарының қуқыл тартуы, тахикардия, бас ауруы, бас айналу, әлсіздік, үйқысырау байқалады. Науқастардың көбісінде ОЖЖ қызметінің бұзылуы (басішлік қысымының жоғарылау белгілері, вегето-тамырлық дистония), әрбір бесінші қызда аналық бездерінде фолликулярлық кисталар анықталады. ЮҚ кезінде жасөспірімдерде аналық бездер, бүйрекүсті бездерінің қыртысты қабаты және қалқанша безі арасындағы барынша тығыз байланыс анықталған. ЮҚ зардап шегетін әрбір үшінші қызда қалқанша безінің функциясы мен құрылымының бұзылуы анықталған. ЮҚ шалдыққан науқастар арасында қалқанша бездің гиперплазиясы – 10%, тиреодит белгілері – 18%, гипотиреоз – 2% анықталған (2, 41). Ағзаның компенсаторлық реакцияларына қатысатын ең маңызды мүше – бауыр болып табылады. ЮҚ душар болған қыздарда бауыр қызметінің белсенделілігін арттыратын белгілермен қатар оның қызметін ттежейтін де белгілер

анықталған. Бейімделу механизмдерінің күшеюі кезінде бауырдың дезинтоксикациялық қызметінің белсенділігі артады, ал өлсіреген кезде – тежеледі (2).

Диагностика және дифференциалдық диагностика

Диагностикаға физикалық және жыныстық даму дәрежесін бағалайтын жалпыклиникалық зерттеу, ректо-абдоминальдік зерттеу, кіші жамбас мүшелерінің УДЗ, бүйрекусті және қалқанша бездерінің эхографиясы, ЭЭГ, РЭГ, бассүйек және түрік ершігінің рентгенографиясы, қанның жалпы талдауы, коагулограмма, қанның биохимиялық талдауы, гормональдық статус, сыйайлас мамандардың консультациясы кіреді.

Ювенильді қанаудың дифференциалдық диагностикасын қан үю жүйесінің бұзылыстарын анықтаумен қатар жүргізу керек. Қан үю уақытын, қанау уақытын, протромбиннің, антитромбин Ш, фибриногеннің мөлшерін және тромбоциттерді анықтау ЮҚ шалдықкан қыздарды тексерудің міндетті шарттары болып табылады. Тромбастения немесе тромбоцитопения (Верльгоф ауруы) қан үю бұзылысының жиі себептері болып табылады. Бұл патология үшін ерте балалық кезден бастап мұрынның қанауы, қызыл иектің қанауы, көптеген тері асты геморрагиялар сияқты белгілер тән. Диагноз тромбоциттер санының төмендеуі негізінде қойылады (145000 төмен). Верльгоф пен ЮҚ ауруларына душар болған қыздарды гематологтармен бірге емдейді. Негізгі аурудың ремиссиясынан кейін етеккір циклі қосымша емдік шараларсыз қалпына келеді. Басқа геморрагиялық диатездер (Х,УШ қан үю факторларының жетіспеушілігі) сирек кезде седі, отбасылық сипатта жүреді және әдетте ерте балалық кездес анықталады.

Кіші жамбас мүшелерінің УДЗ эндометрийдің қалыңдығын анықтап, қанаудың органикалық себептерін жоққа

шығаруға мүмкіндік береді. Қазіргі жасөспірімдердің жыныстық қатынасқа ерте түсін ескере отырып, 15 жастан асқан қыздарда түсік жасалған жүктілік сияқты қанау себебін теріске шығару керек.

Емдеу клиникалық белгілерімен, анемизация және қан кету дәрежесімен анықталады. Ешбір манипуляция жүргізбеудің критерийлері: етеккір арасындағы интервал 45 күннен аспаса, қанау уақыты 7 күннен көп болмаса, бөлінетін қанда қан үйінділары болмаса, гемоглобин мен гематокриттің және эритроцит пен тромбоциттер санының көрсеткіштері қалыпты болған жағдайда.

Терапияның бірінші сатысы гемостаз болып табылады. Айқын дәрежелі анемия (гемоглобин мөлшері 7,5 г/л тәмен, гематокрит өлшемі 20% кем) кезінде хирургиялық гемостаз жүргізу қажет (жатырды қыру). Қырындыға мұқият гистологиялық зерттеу жүргізіледі, бұл эндометрийдің жағдайын анықтауға мүмкіндік береді (пролиферация, гиперплазия және т.б.). Қыру кезінде дефлорацияға жол бермес үшін лиазамен бірге новокаин ерітіндісін гименге инемен енгізіледі және балалар айнасы қолданылады.

Анемизацияның айқын емес дәрежесінде эстроген-гестагендік препараттармен (ригевидон, бисекурин, овидон және т.б.) гормоналдық гемостаз жүргізіледі. Препарат 3-4 таблеткадан тағайындалады. Тәулігіне қанаудың қарқынына байланысты, бірте-бірте олардың мөлшерін күніне бір таблеткаға дейін азайтады да, әрі қарай 3 апта бойы қабылдауды жалғастырады. Әдетте бастапқы 2 күн ішінде қанау тоқтайды. Сонымен қатар антианемиялық терапия жүргізіледі: темір препараттары, қан алмастырушылар, дәрумендер, антигистаминдік заттар тағайындалады, гиповолемияны емдейді. Прогестинді қабылдауды аяқтағаннан кейін 2-3 күннен соң етеккір тәрізді реакция орындалады, кейде қатты қан кету болады, ол кезде утеротониялық және гемостатикалық дәрілерді қолдануға болады.

Терапияның екінші кезеңі – қан кету рецидивін алдын алу. Бұл мақсатта 3 ай бойы циклдік гормоналдық контрапцептивтер қабылдау оңтайлы болып табылады. Емдеудің тиімділігі эндометрийдің пролиферациясын тежеуге және гонадотропиндердің бөлінуін қалпына келтіруге негізделген. Кейінгі 3 айда етеккір циклінің 16 күнінен бастап 25 күніне дейін тек прогестагендерді қолдануға болады. Көрсетілімдер бойынша гемоынталандыруыш терапия, дәрумен терпиясы жүргізіледі және тиімді тамақтану тортібі сақталады.

ЮҚ рецидивтерін алдын алу – еңбек және демалыс тәртібін қалпына келтіру, толыққанды тамақтану, овуляторлық етеккір циклін қалпына келтіру. Жалпы популяциямен салыстырғанда, ЮҚ бар әйелдер анамнезінде ановуляторлық бедеулік, эндометрийдің аденоқарциномасы және сүт бездерінің қатерлі ісіктері жиірек анықталады.

ДИСМЕНОРЕЯ

Әдебиеттерде бұл патологияның әр түрлі атаулары бар. Ресей анықтамалықтарында «альгодисменорея» термині қолданылады, оның мағынасы органикалық себебі жоқ етеккірдің ауырсынып (*algia-*) келуі болып табылады. Халықаралық ауруларды жіктеудің 10-шы қайта қарауында ауырсынып келетін етеккірлер «Дисменорея» терминімен кодталған {шектік (*dys-*) менструация (*menos-*) қанау(*rhoe-*)}. Бұл термин басқаларға қарағанда орынды болып табылады, себебі онымен етеккір үрдісінің нейровегетативтік, зат алмасу-эндокриндік және психоэмоциональдық ауытқуларының барлық кең спектрін қамтуға болады.

Дисменорея ең кең таралған гинекологиялық патология және әр түрлі авторлардың мәліметтері бойынша 14-40 жастағы әйелдер арасында оның жиілігі 31-52%-95% құрайды (27, 35, 41, 42, 43). Біз тексерген мектеп оқушыларында

дисменорея жиілігі 19,0% қурады. Әдетте дисменореяны біріншілік (спазматикалық) және екіншілік (органикалық) деп бөлінеді. Біріншілік аменорея ішкі жыныс мүшелерінің анатомиялық өзгерістерімен байланысты болмаса, керісінше екіншілік аменореякіші жамбас мүшелерінің патологиялық үрдістерімен сипатталады. Біріншілік дисменореяның этиологиясы қазіргі уақытқа дейін белгісіз. Оның патогенезі гипоталамус-гипофиздік-аналық бездер жүйесінің дисфункциясымен, қыртыс және қыртысасты өзара әрекеттесулермен, эстрогендердің, прогестеронның, нейротрансмиттерлердің және басқа да биологиялық белсенді заттардың синтезінің бұзылуымен байланысты деп есептеледі. Екіншілік дисменорея бірқатар гинекологиялық аурулардың белгісі болып табылады, өсіресе эндометриоздың, етеккір қанының шығуна кедергі болатын ішкі жыныс мүшелерінің даму кемістіктерінің, сондай-ақ жатыр қосалқыларының созылмалы қабыну ауруларының, кіші жамбастағы жабысу үрдістерінің, аналық бездердегі ісіктердің және жатыр миомасының. Етеккір кезінде күшайетін кіші жамбастағы ауырсынулардың мүмкін себептері: жатыршілік контрацепция, артқы перде кең байламының жыртылуы (Алена-Мастерс синдромы), жамбастың қабырғаларындағы немесе аналық бездің жеке байламының аймағындағы орналасқан көк тамырлардың кеңеюі.

Біріншілік дисменорея әдетте жас қыздар мен жас әйелдерде кездеседі. Ауырсынулар менахеден кейін 1-1,5 жылдан кейін пайда болады, яғни овуляторлық циклдердің орнығы уақытына сәйкес келеді. Осыған орай әдебиеттерде «овуляторлық синдром» деген түсінік бар. Бұл терминетеккір циклінің ортасында пайда болатын ауырсыну сезімдерін сипаттау үшін қолданылады. Ауырсыну аналық бездерден шығатын доминанттық фолликулмен (пісіп жетілген ооцит) байланысты. Біріншілік дисменореямен көбінесе астениялық дene бітімі бар: дene салмағы аз, тез қозатын, эмоциональдық

лабильді, талуға бейім қыздар зардан шегеді. Оларда жиі вегетативтік-тамырлық дистония және/немесе астения-невротикалық синдром байқалады. Етеккір циклі сақталған. Ауырсынулар циклдің бірінші күнінен немесе етеккір келуіне бірнеше сағат қалғанда басталады. Сирек емес қыздарда етеккіралды синдромы байқалады, бұл дұрыс диагноз қоюға және патогенетикалық терапияны тағайындауға кедергі болады. Жаңа диагностикалық өдістердің енгізілуіне байланысты функционалдық дисменореяны анықталу женілдеді.

Патогенез. Толғақ тәрізді ауырсынулар миометрийдің ишемиясын, артериялардың спазмаларын және бұлшық ет үлпасының қансыздануын тудыратын жатырдың қайысып жиырылуымен түсіндіріледі. Зерттеушілердің көвшілігінің пікірінше, жатыр бұлшықетінің қайысып жиырылуының негізгі себебі простагландиндердің синтезінің бұзылуы (мүмкін деградациясы да) болып табылады. Бұл кезде жатыр-ішілік қысымының айтарлықтай жоғарылауы байқалады, PgE2 және PgF2a мөлшерлері 2,5-5 есе өседі. Қалыпты жағдаймен салыстырғанда біріншілік дисменорея кезінде жыныстық гормондардың концентрациясында айырмашылық болмайды. Жатырдың қайысып жиырылуының етеккір кезінде күшеюіне қыздардың реакциясы, олардың ауырсынуға деген сезімталдылығының дәрежесімен анықталады.

Ауырсынып келетін етеккірлердің белгілері:

- эмоциональдық-психикалық (ашуланшақ, анорексия, депрессия, үйқысырау, үйықтай алмау, булимия, иісті көтере алмау, дәмді сезінбеу және т.б.);
- вегетативтік (жүрек айнуы, кекіру, ықылыш, дірілдеу, ыстықтау, терлеу, гипертермия, ауыздың құрғауы, жиі зәр шығару, тенезма, іштің кебуі және т.б.);
- вегетативтік-тамырлық (талу, бас ауруы, бас айналу, тахикардия, брадикардия, экстрасистолия, жүрек ауруы, салқындау, қол-аяғының үю сезімі, қабак, бет ісінуі және т.б.);

— зат алмасу-эндокриндік (құсу, «мақта» аяқтар сезімі, жалпы күрт әлсіздік, тері қышуы, буындардың ауыруы, ісіну, полиурия және т.б.).

Емдеу. Біріншілік дисменореяны емдеу үшін негізінен простагландиндердің синтезін тежейтін препараттарды қолданады: напроксен, флугалин, индометацин, ибупрофен, раптен-рапид, кетонал. Ем етеккірдің келуіне 2-3 күн қалғанда басталады және циклдің 1-ші күнінен бастап олармен бірге спазмолитикалық дәрілер (но-шпа, галидор, барабалгин), седативтік және әлсіз транквилизаторлар (валерiana, реланиум, элениум, феназепам, рудотель және т.б.) тағайындалады. Соңдай-ақ, кеудедегі сөулелі торап тұсына новокаин электрофорезі жасалынады, іштің төмен жағына жылу басылады, иглорефлексотерапия, антиоксиданттық әсері бар Е дәрумені қолданылады. Аталған заттардың тиімділігі жеткіліксіз болған жағдайда, құрамында гестаген компоненті жоғары немесе одан да белсенді прогестагендірі бар құрамдас эстроген-гестагендік препараттар қолданылады. Препараттар З айдан кем емес кәдімгі циклдік тәртіпте тағайындалады. Қыздардың конституциональдық ерекшеліктерін ескере отырып, еңбек, демалыс, сабак оқу тәртіптерін үйымдастырып, спортпен шұғылдануды кеңінен наさいхаттау қажеттігі туындауды.

Екіншілік дисменорея негізгі ауруды емдеуді қажет етеді.